



## "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 желтоқсан N 1958

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 50 000 000 (елу миллион) АҚШ долларына "Power Holdings Invest B. V." Компаниясының "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "ҚазТрансГаз" ЖАҚ) тиесілі акцияларының 84 пайызын Алматы қаласының коммуналдық меншігіне сатып алу жөніндегі Алматы қаласы әкімінің ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада Z980281\_ белгіленген тәртіппен Алматы қаласының жергілікті атқарушы органына осы қаулының 1-тармағында көрсетілген акциялардың с а т ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. "ҚазТрансГаз" ЖАҚ" "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамының мемлекеттік емес заем тартуы жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қыркүйектегі N 1475 P001475\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заем бойынша ING Barings N.V. London Branch алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

2001 жылдан бастап 2003 жылды қоса алғандағы кезеңде тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасын бекіту кезінде "Power Holdings Invest B. V." компаниясы акцияларының 84 пайызын сатып алу-сату шарты бойынша "ҚазТрансГаз" ЖАҚ-ның алдындағы міндеттемелерін орындау үшін

қажетті қаражатты қамтамасыз етсін;

"ҚазТрансГаз" ЖАҚ-на жоғарыда көрсетілген сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті қамтамасыз етуді ұсынсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ